

БӨЛІМ: АШЫҚ САБАҚТАР

Төрөбай Әлия Математика оқу қызметі "2 саны мен цифры"

ЖАРИЯЛАНДЫ
29.05.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/75765/>

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру саласы: «Таным»

Оқу қызметі: Математика негіздері

Тақырыбы: 2 цифры мен санмен таныстыру

Мақсаты:

Тәрбиелік: Достарын сыйлауға, көмек қолын созуға тәрбиелеу

Білімділік: 2 цифры мен санымен танысады, өзіндік жұмысты мұқият орындайды

Дамытушылық : Ойлау есте сақтау қабілеттері дамиды

Әдіс-тәсілі: Жұмбақ жасыру, тапсырмалар орындату, сұрақ-жауап жүргізу

Көрнекілігі: АКТ, жұмыс дәптерлері, таратпа материалдар

Әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы күш	<p>-Балалар, сендер қай балабақшаға барып жүрсіңдер? Жарайсыңдар балалар Биыл біздің балабақшамызға 10 жыл</p> <p>Ойын «Адасқан сандар» Шарты: Тақтада көрсетілген сандарды ретімен орналастырып қою керек</p> <p>Қанекей сандарды ретімен санап өтейік 1-5 ке дейін ретімен санау</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді -Біз «Алтын ұя» балабақшасына барамыз</p> <p>Ойын ойнайды, сандарды ретімен орналастырады</p> <p>1-5 ке дейін ретімен санайды</p>

<p>Ұйымдастырушы ізденімпаздық</p>	<p>-Балалар,бүгін біз 2 цифрымен танысамыз. -2 цифры 2 бірліктен тұрады $1+1 =2$</p> <p>Бүгін біз «Ғажайып тақтаның» тапсырмаларын орындаймыз</p> <p>Логикалық есептер Алма ағашта 4 алма Қандай жақсы жесе алма 2 алманы жеп қойдым Қалды сонда неше алма?</p> <p>Аулада 3 үйрек 1 үйрек тығылды Қалды сонда неше үйрек</p> <p>Далада жүрген аюдың Іші пысты жалықты 1 аю келіп қасына Қатары оның толықты Қанша аю болды?</p> <p>Тапсырма орындау Алдымызда тұрған жолақшаның бірінші қатарына 1 сабын ,оның қатарына тағы 1 сабын қоямыз сонда неше сабын болды</p> <p>Құрылымдалған ойын «Құлыпты аш» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып білуге үйрету Шарты :Әуен ақталған сәтте қолдарындағы пішіндерге сәкес құлыптардың ашу керек Күтілетін нәтиже: Балалар пішіндерді табады</p> <p>Тақтамен жұмыс Суретте қай тазалық құралы екеуден берілген соны қоршап шығамыз</p> <p>Дәптермен жұмыс Цифрлардың ішінен 2 санын тауып қоршаймыз</p> <p>Сергіту сәті Ағылшын тілінде</p>	<p>Оқу қызметінің барысымен танысады</p> <p>2 санының 2 бірліктен тұратының таяқшалар арқылы көрсетеді</p> <p>Логикалық есептердің жауаптарын табады</p> <p>Тапсырманы орындайды</p> <p>2 сабын болады</p> <p>Ойынды ойнайды Сәйкес пішіндерді табады</p> <p>Тақтамен жұмыс жасайды Қай тазалық құралының екеуден берілгенің табады</p> <p>Дәптердегі тапсырманы орындайды</p> <p>Бір сергігіп алады</p>
--	---	--

Рефлексиялық түзету	Қорытындылау -Балалар,бүгінгі оқу қызметінде қандай санмен таныстық? -Екі саны неше бірліктен тұрады екен? Бүгінгі оқу қызметіне сендер жақсы қатысып отырдыңдар жарайсыңдар балалар	Сұрақтарға жауап береді -Бүгін 2 цифрымен таныстық -2 саны 2 бірліктен тұрады
---------------------	---	---

Күтілетін гәтиже:

Жаңғыртады: Тапсырмаларды орындайды

Түсінеді: 2 цифры мен санын түсінеді

Қолданады:Жұмыс дәптерін ,тақтамен жұмыс жасайды

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.